



201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ г.

№ \_\_\_\_\_

№ исх: 17-35/1779 от: 12.07.2017

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

*2017 жылғы 15 маусымдағы  
№ ДЗ-166 хатқа*

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің меншік иелеріне мемлекет мұқтаждығы үшін алынып қоятын мүлікке азаматтарға төленетін өтемақы мәселесіне қатысты депутаттық сауалыңызға сәйкес, мынаны хабарлаймыз.

Қазіргі кезде жер учаскесін мемлекет мұқтаждығы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің құнын өтеу шарттары мен мөлшері «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларымен регламенттелген.

Сонымен бірге, Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жалпыұлттық жоспарды іске асыру шеңберінде, «Кейбір заңнамалық актілерге меншік құқығын қорғауды күшейту және төрелік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның жобасы шеңберінде қажетті заңнамалық түзетулерді пысықтау жүргізілуде, оның Парламент Мәжілісіне енгізілуі ағымдағы жылғы қыркүйекке жоспарланып отыр.

Аталған мәселені Республикалық бюджет комиссиясының қарауын, сондай-ақ тиісті заңнамалық нормаларды мүдделі мемлекеттік органдармен және Президент Әкімшілігімен келісу қажеттілігін ескере отырып, Сіздер жариялаған мәселелер бойынша қосымша ақпарат ағымдағы жылғы қыркүйекте берілетін болады.

**А. Мырзахметов**